

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

В современном футболе существует много приспособлений для того чтобы снизить риск получения травм. Главная их задача — это сохранение здоровья футболиста. Помимо многих средств защиты над здоровьем футболиста так же трудится огромный медицинский персонал, в который входят: врачи, массажисты, тренеры по физической подготовке. Всё это служит для того что бы игроки, выходя на поле чувствовали себя хорошо и были уверены что их здоровью не грозит опасность. Футбол не стоит на месте и экипировка в нынешнее время — это неотъемлемая его часть, она будет развиваться в ногу с футболом.

Список используемых источников:

1. <http://www.shinnik.yar.ru/futbolnye-schitki-istoriya-sovety.html>
2. <https://football.dirty.ru/na-pole-v-ochkakh-804720/>
3. <http://www.sports.ru/football/7529699.html>
4. <http://3dtoday.ru/industry/3d-printing-masks-help-players-to-recover-faster-and-return-to-command.html>
5. <http://joma-ukraine.com.ua/Istoriya-futbola/2010-02-18-23-05-25.html>
6. <http://football.ua/fiction/125339-melochy-futbola.html>

ӘОЖ 371.686

**ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ САБАҒЫНДА КИНОФИЛЬМДЕР АРҚЫЛЫ
ОҚУШЫЛАРҒА ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

СМАЙЛОВА С.К.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: **СЕЙІТҚАЗЫ П.Б.**
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

Қазіргі кезде жаһандану үрдісі қоғамның барлық саласын қамтып отырғандығын көруге болады. Біздің еліміз де жаһандану жағдайында өмір сүруге бейімделу үстінде. Жаһандану үрдісінің жағымды жақтарымен қатар, оның әсерінің кері жақтарын да байқауға болады, мысалы, батыс өркениет құндылықтарының басымдық танытып, жастардың ұлттық санасына жағымсыз әсерінің болуы. Академик С.Пірәлиевтің пікіріне жүгінетін болсақ, «Батыс өркениеті саясат, экономика, білім, ғылым салаларында жетістіктерге жеткенімен, бүгінгі күнде рухани тапшылыққа айналып отырған ізгілік, кісілік, адамгершілік, бауырмалдық, әдептілік, тәрбиелік мазмұн іздеу жолында Батыс өркениеті бұл тұрғыда ешқандай жетістікке жеткен жоқ, қайта тоқырауға ұшырады» -дейді.

Біздің елімізде бұл мәселелерді ұлттық тәрбие беру арқылы шешіп отыратындығы белгілі. Ұлттық тәрбие - ел болашағының кепілі бола алатындығы анық мәселе. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, білімі мен ақылын ел ертеңі үшін жұмсайтын, бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу – жаһандану заманындағы басты мәселе болып табылады.

Ұлттық тәрбие ерте балалық шақтан бастау ала отырып, адам өмірінің әр кезеңдерінде жүйелі дами келе, әр түрлі қоғамдық институттарда жалғасын табады. Демек, тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде рухани бай, дамыған, ұлттық санасы дұрыс қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеуге өріс ашады.

Ұлттық сананы қалай қалыптастырамыз, оны жүзеге асырудың жолдары, оның технологиясы қандай деген мәселеге келетін болсақ, оқушыларға жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде, рухани-адамгершілік білім беруді мақсат еткен «өзін-өзі тану» пәнін осы ұлттық тәрбие беру үрдісінде тиімді қолдануға болады деп толық сеніммен айтуға болады. Біздің елімізде бұл мақсатта көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Солардың біріне тоқталатын болсақ, «Бөбек» қорының президенті және еліміздің бірінші ханымы бастамасымен білім беру үрдісіне енгізілген «Өзін-өзі тану» пәні ұлттық құндылықтарды дәріптеуді, оны білім мазмұнына енгізу арқылы ұлттық тәрбие беруді, оны үздіксіз білім берудің көзіне айналдыруды, оның тереңдігі мен рухани шындығын балалық кезден бастап сіңіруді мұрат етеді [1].

Оқушылар бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру және олардың сыни тұрғыдан ойлау мүмкіндіктерін дамыту өзін-өзі тану пәнінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың нәтижесінде жүзеге асырылатыны белгілі. Ертеңгі еліміздің болашақ жас өрендері, бүгінде көгілдір экран алдындағы жас көрермендер. Сондықтан біз қазіргі таңда тәрбиенің белсенді құралдарының бірі кинофильмдерді көрсету және оларға талдау жасатудың маңыздылығына тоқталғымыз келеді.

Қазіргі қоғам өмірінде экран өнерінің әр түрлі мүмкіндіктері кинобілім түсінігінің көпқырлылығын айқындайды. Оны мәдени даму, аудиовизуалды ойлауды қалыптастыру, оқу – тәрбие үрдісін ізгілендіру факторы ретінде, тәрбие жүйесін ұйымдастыру құралы ретінде, кино, телевизия саласында оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін педагогикалық басқару формасы ретінде, сайып келгенде, педагогика ғылымының бір саласы – кинопедагогика ретінде қарастыруға болады.

Кинофильмдер арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, яғни кинобілім орыс медиапедагогтары О.А.Баранов пен С.Н.Пензин еңбектерінде көрініс тапқан [2]. Кинобілім бұл медиабілімнің бір бөлімі, оның ең басты ерекшелігі бір жағынан оны бұқаралық ақпарат құралдарына, екінші жағынан өнерге (көркем, яғни, деректі және анимациялық фильмдер) жатқызуға болады.

Бұл жерде айтайын деп отырғанымыз, мектепте немесе университетте кинотанушыларды дайындау емес, толыққанды, сауатты көрермендерді, олардың бойында нағыз киноөнеріне деген қажеттілігін тәрбиелеу. Негізгі мақсат барлық мәселелерді, кино тарихы мен теориясын қамту емес, киноөнерінің негіздеріне үйрету, оқу-тәрбие үрдісінде экран өнерінің әдістемесімен таныстыру.

Ресей медиапедагогтары О.А. Баранов және С.Н. Пензин 60-70 жылдары басқа аймақтардағы әріптестерімен бірігіп, жастарды экран өнерімен таныстыра бастады, жеке мектептер мен жоғары оқу орындарында жаңа пән ретінде енгізіп, оның әдістемесін жетілдіру мен оқу-құралдарын және бағдарламаларын жасаумен айналысты. Көпшілік балалар мен жастардың «хронофагы» (уақыт ұрлаушы), жағымсыз ойлар мен қатыгездікке толған әлем деп жат көзбен қараған бұл киноәлемін осы педагогтар оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалану жолдары ретінде көмекші құрал деп көрсетті.

Ежелгі римдіктердің ерекше накыл сөзі бар: «Pro capite lectores habent Sua fata libeli» - кітаптар тағдыры оны оқыған адамның көзқарасына байланысты делінген. Яғни бұл жағдайда фильмдер туралы да айтуға болады. Кинобілімнің міндеттерінің бірі –балалар мен жастардың киноөнерді бағалай білуіне, кинорепертуар таңдауда бағдарлай алуына көмек көрсету.

С.Н.Пензин ойынша, кинобілім бөлімін 5-11 сыныптар арасында, әр баланың жас ерекшеліктеріне сай қолданған жөн.

О.А. Баранов пен С.Н. Пензиннің еңбектерін талдау барысында сабақта кинофильмдер көрсету бірнеше кезеңнен тұратындығын көреміз:

- Кіріспе әңгіме – фильмографиялық мәліметтер беру (сценарий авторлары, актерлер, режиссер, операторлардың шығармашылық биографиясы т.б.), фильмнің жетістіктері туралы, түсірілім өткен жерлер тарихына қысқаша тоқталу;
- Фильмді қарап шығу;
- Фильмді талқылау.

Фильм бойынша конференция өткізу. Конференция барысында оқушылар тарапынан, таңдалынған тақырыптар бойынша фильм туралы баяндамалар оқылады. Баяндамада негізінен фильмнің мазмұны туралы көзқарастары, жетістіктері мен қателіктері (актерлік құрылымы, музыкалық сүйемелдеу, қазіргі заман талабына сай ма т.б.), өзінің жеке

көзқарастары туралы болуы мүмкін. Баяндамалар оқылып қана қоймай, басқа оқушылар тарапынан талқыланып, үздігін анықтайды. Баяндамалар топтық және жекелей қорғалуы мүмкін.

Талдау (анализ) бұл авторға деген қарым-қатынасты анықтап алу, фильмнің мәнін түйсіну, алған әсер жайлы ойлану үшін қажет.

Сеанс-диспут. Міндеттері: 1) тәрбиелеу; кинофильмнен кейін оқушылар бір-бірлерімен талқылау арқылы мәдениет, адамгершілік категорияларының мәселелері-ар-ұждан, ерлік, парыз, ұйымшылдық туралы ой-толғаныстарын ашық айтуды үйренеді. 2) зерттеу; оқушылардың эстетикалық қабылдауын, қаншалықты түсінікті болғанын анықтау. 3) бақылау; диспут «кері байланыс» орнауына көмектеседі. Яғни, сабақ барысында жай ғана фильмдер көрсету жеткіліксіз, оқушылардың киносаяттылығын арттыру мақсатында жоспарланған бағдарлама болуы шарт.

Оқушылардың тәрбиесін фильмдер арқылы қалыптастырудың себебін нақтылайтын болса, қазіргі жас ұрпақтың медиасаяттылығын көтеру, қазіргі таңда БАҚ-тың кесірінен көптеген олқылықтарға, сана-сезіміміздің азғындалуына жол беріліп отыр. Соның ішінде, киноөнімдердің сапасының төмендеуі басты себептердің бірі деп ойлаймыз.

Жас буын өкілдері зорлық-зомбылық, қатыгездікке толы кинофильмдерді, бағдарламаларды көріп, жат елдің мәдениетін бойына сіңіріп, соған еліктеушілік басым болып отыр. Осы мәселеге байланысты жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне қарағанда бағдарламалар мен фильмдердің қаншалықты еліктіргіш екендігін көруге болады. Мысалы, Италияның ұлттық денсаулық сақтау институтының зерттеуі бойынша, жасөспірімдер кинодағы актерлерге еліктеп темекі тартуды бастайды. Сарапшылар анықтағандай, италиялық телеарналарда Rai, Mediaset, La7 және MTV темекі тартқан адамды әр 32 минут сайын көрсетеді екен.

Сонымен қатар, жасөспірімдер арасында қылмыстық жағдайлардың орын алуы осы телеөнімдердің ықпалымен байланыстылығы көкейкесті мәселе болып отыр. 1991 жылы Вуд, Уонг және Чачере жүргізген 23 эксперименттің нәтижелерінде экрандағы зорлық-зомбылықтың көрсетілуі балалар мен жасөспірімдерде агрессияның күшеюіне әсер етеді деп көрсетілген. Балалар мен жасөспірімдер көргендерін өте жақын қабылдайды, әсіресе 8 жасқа дейін балалар шындық немесе қиялды ажырата алмайды. Олар қорқынышты фильм болсын, мультфильм болсын шынайы деп қабылдайды. Мысалы, балалардың супермендерге еліктеп ұша аламын деп терезеден секіріп кетуі сияқты жағдайлар да кездеседі екен [3].

Қорыта айтқанда, жас ұрпаққа тәрбие беру үрдісінде кинофильмдерді қолдану арқылы киноөнер саласына құрметпен қарап, киноөнімдерді дұрыс таңдай білуге, оның ішінде отандық фильмдерге көңіл аудару оң нәтиже береді деген пікірге қосыламыз. Бүгінгі күні ұлтты ұлықтауда, ұрпақ тәрбиелеуде және керісінше санасын жаулап алуда кинодан өткен өткір де күшті, қуатты қару жоқ десе де болады. Сондықтан, тәрбие беруде кинобілімнің маңызы жоғары екендігін ескере отырып, оның мүмкіндігін тиімді пайдалана білу маңызды деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Есенғалиқызы М. «Өзін-өзі тану» пәні болашаққа жол ашады //Самопознание , 2014 жыл, 18 маусым
2. Баранов О.А. , Пензин С.Н. Фильм в воспитательной работе с учащейся молодежью: Учеб. пособие. Тверь: Твер. гос. ун-т, 2005. 180 с.
3. Видеонасилие среди несовершеннолетних: Аналитический отчет /А.К.Кусаннов, И.А.Сапарова, М.В.Мун, П.Ш.Маханова, Е.И.Лашкова - Алматы: АПН Казахстана, 2009. – 104 с.,ил.